

**М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік  
университеті**

**80** ЖЫЛ



**Құрметті М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университетінің ұжымы!**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру департаменті 80 жылдық тарихы бар М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін мерейтойымен құттықтайды.

80 жылдық тарихы мен өзіндік дәстүрі бар оқу орны бүгінде беделді білім ұяларының қатарында саналады. Оқу орнынан түлеп ұшқан мыңдаған білікті шәкірттер осы жылдар ішінде тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуына орасан зор үлес қосып келеді.

Еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосар білімді, талантты, дарынды жастарды қалыптастыру жолындағы еңбектеріңізді аса жоғары бағалаймыз.

Оқу орынының қазіргі талапқа сай білім беру жүйесі, оқу үрдісі ғылым мен тәжірибені қатар ұштастырған ұтымды нәтижелері, адамзат игіліне ұсынып келе жатқан жемісті еңбегі «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», - деген Абай Құнанбайұлының сөзі осыған дәлел.

Қазақ тарихының туын ұстаушы ғалымдарының бірі, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев атындағы білім ордасының 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Алтын арқауы үзілмеген, ұрпақтар сабақтастығының жарасымды үлгісі алдағы уақытта да жарқырап көріне беретініне сенімдімін. Елбасының білім инновациясын дамытудағы талабына сәйкес бәсекеге қабілетті жастар тәрбиелеуде жаңа табыстар тілеймін!

**Ізгі ниетпен,**

**ҚР Білім және ғылым министрлігінің  
Мектепке дейінгі және орта білім беру  
департаментінің директоры**



*cc.*

**Ш. Каримова**